

Кіші топ	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№1				
	30.08 - 03.09.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Балабақша /Мой детский сад / My kindergarten				
Мекеменің атауы, тобы	«БӨБЕК ЛУПИЛІ»ЖЕКЕ МЕНШІК БАЛАБАҚШАСЫ				
Педагогтің аты-жөні	БАЙСАКАЛОВА .Ш.Ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны жөнінде".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты: Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап, әкелту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты: Қолдағы ойыншықтың атауын сұрап, ойын бұрышына апартқызып қойғызу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ,үлкен және жапырағының беті тегіс болуын байқату, сипату.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Тышқан ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, тышқанның қылықтарын байқауға үйрету, педагогтің қимылдары соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. Ойыншық болмаса, суретін көрсету мүмкін. Тықыр-тықыр тықырлап, Кеміріп, бидай ұрлап, Тышқан жүр, еден тесіп. Көрейік оны, барлап. Д. Ахметова	Құлыншақ ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу. "Құлыншақ тентек екен". Құлыншақ тентек екен, Желкесіндегі жалысы желкен, Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа!	Арба ойыншықты ойнату. Мақсаты: балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Арба ойыншық: Көлік, күшік, мысық - Бір орында тұрмайды, Жібінен тартсаң - жорғалайды, Дөңгелектері домалайды. Жіпті тартып жүрейік, Көп жерлерге жетейік.	Пішін салғыш ойыншықпен ойын. Мақсаты: балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық.	Пирамиданы жинау ойыны. Мақсаты: балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту. Кім пирамиданы шашқан, Сақинаны ойнап басқан, Өткір тырнақтарын бүріп, Домалатып, айдап қашқан?
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. Д. Ахметова				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулар				
	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін әлдилеу әуендерін бөсеңдеу дыбыста қосып қою. Ойыншықтарды өздерінің ұстап, сипап көруі. "Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсаты - балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.				

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Жазғы ойын-сауықтар	Жазғы ойын-сауықтар	Сенсорика. "Түрлі ойыншықтар" Мақсаты. Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету; біріктіру не бөлу тапсырмаларын үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, орындауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығы ажырата білуге дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, оларды өзара ажырату білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын дамыту. <i>"Пішіндер қонаққа шақырады" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Тақтай бойымен жүреміз" Мақсаты. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер: Данамен бірге жаттығуларға қосылуға ынталандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын жетілдіре отырып: дене,	Жаратылыстану. "Қуыршақ Дана". Мақсаты. Балаларды қуыршақпен таныстыру барысында оның дене мүшелерінің негізгі атауларымен таныстыру; қуыршақтың сыртқы дене мүшелерінің қозғалу қасиеттерін көрсете отырып, қуыршақтың денесінен көрсете білуге талпындыру; ортақ ойындарға қуыршақпен қосылуға машықтау. <i>"Қайда екен, көрсет" қимыл жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Еңбектейміз ерінбей!". Мақсаты. Балаларға ересектің көмегісіз гимнастикалық тақтай бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер: Аланмен бірге жаттығуларға қосылуға машықтандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын дамыту; дене, қол, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жаттығу барысында эмоциялық көңіл күйді көтеру. <i>"Тышқан мен мысық" қимыл ойыны.</i>	Мүсіндеу. "Қуыршақтарға көмпиттер". Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан өртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу қабілетіне дағдыландыру. Мүсіндеу барысында қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексазбен жұмыс жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. <i>Саусақ жаттығуы</i>
--------------------------------------	----------------------------	----------------------------	---	---	---

Серуен	Топырақты бақылау. Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқ ұшымызбен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. Еркін ойындар: аулаға шығарылатын ойыншықтармен ойындар.	Қоян ойыншығын бақылау. Мақсаты. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарымен былай қимылдайды. - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар. - Қараңдаршы, қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.	Күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. - Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.	Аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Саппен жүру жаттығуы". Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ бол. Д. Ахметова "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. - Жел бізбен ойнамақ, Оңға, солға жасырынбақ. Жапырақтар да ойнайды, Күннің көзіне жылпыңдайды. Д. Ахметова - Балалар, қанекей, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр? - Жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруде жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады, Қоңырырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. "Шашылған құмалақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу.				
	- Аспазымыз не дайындапты?				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. "Ұйықташы, қозым". Д. Ахметова. Ұйықташы, қозым, Жұмылсын көзің. Ұйқың тәтті болсын, Денең қуатқа толсын.
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша!
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу.

Ойындар, жеке дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы. Мақсаты. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер. - Балалар, қазір бір қолдарымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз. Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек.	"Пойыз" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. - Балалар, естіп тұрсындар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. - Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у ... Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады.	Сурет салудан ойын-жаттығулар: "Доп кетті домалап". Мақсаты. Балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға үйрету; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетінде педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға дағдыландыру. Оқу қызметінде балалардың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының алғашқы негіздерін қалыптастыру. <i>"Допты сипайық" ойын рефлексиясы.</i> Күшік ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларды ойыншықтың бейнесіне, оны өзімен бірге жіп арқылы тартуға қозғалу сипатына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Педагог күшік ойыншығын ортаға отырғызады. - Күшігім-ай, күшік-ай! Неге жалғыз қалдың ай? - Мен ешқайда кетпедім, Үлкен үйді күзеттім! - Қайтіп екен? - Ап-ап-ап! Абайлаңдар! Ап-ап-ап! Д. Ахметова	Дене шынықтырудан ойын-жаттығулар: "Дана қуыршақпен сапқа тұру". Мақсаты. Балаларға қуыршақ Данамен сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу. <i>"Пойыз" қимыл ойыны.</i> (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) Үйрек арба ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларда ойыншықтың бейнесіне, онымен манипуляция жасаған жағдайда қозғалу сипатына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Құралдар: үйрек арба ойыншығы.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар: "Ойыншықтар". Мақсаты. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік бере отырып, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауға үйрету. Балалардың ойыншық арқылы ой-өрісін кеңейту және есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту. <i>"Пирамида жинайық" жаттығуы.</i> Музыкадан ойын-жаттығулар: "Қуыршақ Әйгерімнің барабаны". Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға үйрету; барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру. <i>"Барабан" ойыны</i> "Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) Серуен	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Кір қысқыштармен жаттығулар. "Күн".	"Құлыншақтай дарамыз". Құлыншақтай дарамыз, Өрге шауып барамыз, Оң аяқ пен сол аяқты Көтерейік, құлыншақтай. Д. Ахметова"	"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы. Мақсаты. Қарым-қатынас дағдыларын, топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету. - Сары күнге ұқ-сап, Біз жүреміз "сап-сап". Бұлт келсе қап-тап, Жаңбыр жауар "там-там".	"Сергіту сәті" Мақсаты. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жатттықтыру. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	"Арба" Мақсаты. Арба ойыншықты ойнату. - Арба ойыншық: Көлік, күшік, мысық - Бір орында тұрмайды, Жібінен тарсаң - жорғалайды, Дөңгелектері домалайды. Жіпті тартып жүрейік, Көп жерлерге жетейік.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға)	Өңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балаланың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны жөнінде".
--	---

Тексерген: Бекишева М.А. 